

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БЕЙНЕУ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ТҰРЫШ» «МЕКТЕП-БӨБЕКЖАЙ» КЕШЕНІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ

2025жыл 25 тамыз

№67нқ

Тұрыш селосы

Бракераждық комиссия
құру туралы

ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы 2022 жылғы 17 ақпанындағы №16 бұйрығын және хаттамалық тапсырмаларды негізге алып,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Санитариялық-эпидемиологиялық қағиданың 167-тармағына сәйкес төмендегі құрамда бракераждық комиссия құрылсын:

- 1) Н.Асықбаева – мектеп директоры, комиссия төрайымы;
- 2) А. Иниргалиева – медбике, комиссия мүшесі;
- 3) К.Бекибаева – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
- 4) Н.Еркебаева – диетолог, комиссия мүшесі;
- 5) Г.Досжанова – ата- ана, комиссия мүшесі;
- 6) С.Тұрғанбаева – ата-аналар комиссия мүшесі;
- 7) Г.Жалғасова – ата – ана, комиссия мүшесі;

2. Мектеп медбикесі тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазбаша енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізіп отырсын.

3. Мектеп асханасы мен ас блогында санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қатаң бақылау медбике А.Иниргалиеваға жүктелсін.

4. Комиссия мүшелері комиссияның міндеттерімен таныстырылсын:


-келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу.

5. Комиссия жұмысының қорытындылары ай сайын, кейіннен оларды білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қарау және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастыру үшін ақпарат түрінде ресімделсін.

6. Бракераждық комиссияның сапалы жұмысын және ата-аналардың комиссия құрамында белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, берілген нұсқамаларға сәйкес анықталған барлық санитариялық-эпидемиологиялық кемшіліктерді жою бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп отырсын.

7. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



Н.Асықбаева